

 SATBAYEV UNIVERSITY	«Қ.И.СӘТБАЕВ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ	
2-деңгейлі СМЖ құжаты	Құжаттау процедурасы	ҚазҰТЗУ 603 ҚП
	2025 жылғы « <u>17</u> » <u>12</u> №4 редакция	

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ БАСҚАРУ

ҚазҰТЗУ 603 ҚП

Алматы 2025

АЛҒЫСӨЗ

1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Құрылыс департаменті мен Сервистік қызмет көрсету департаментінде ӘЗІРЛЕНДІ.

Құрылыс департаментінің
директоры

«24» 11 2025 ж.



Р.Тыныбеков

Сервистік қызмет көрсету
департаментінің директоры

«24» 11 2025 ж.



Д.Пак

2 КЕЛІСІЛДІ:

Басқарма мүшесі – Ғылым және
корпоративтік даму жөніндегі
проректор

«12» 12 2025 ж.



Е.Көлдеев

Заңгерлік қамтамасыз ету және
мемлекеттік сатып алу басқармасы
басшысының міндетін атқарушы


«10» 12 2025 ж.



Т.Абукенов

Бағалау және сапа бөлімінің
бастығы

«1» 12 2025 ж.



А.Сауранбаева

Құжаттамалық қамтамасыз ету және
мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің
бастығы

«28» 11 2025 ж.



Ж.Орақбаева

3 Басқарманың 2025 жылғы «17» 12 №19 шешімімен БЕКІТІЛДІ.

4 2022 жылғы 26 қыркүйекте №3 редакцияның орнына ЕНГІЗІЛДІ.

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Инфрақұрылымды басқару және қолдау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау	5
4	Техникалық құралдарға қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жоспарлау	6
5	Инфрақұрылымды қолдау бойынша қызмет көрсету және профилактикалық жұмыстар	7
6	Техникалық құралдарының жағдайын бағалау инспекциясы және түзету әрекеттері	13
7	Инфрақұрылымды басқару жұмысындағы тәуекелдер	13
8	Талдау. Бағалау. Жақсарту	15
	Қосымша	16
	ҚазҰЗТУ 603 ҚП үлгілері	17
	Өзгерістерді тіркеу парағы	18

ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ БАСҚАРУ

№ 603 құжаттау процедурасы

1 Жалпы ережелер

1.1 Осы «Инфрақұрылымды басқару» процедурасы «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ-да (бұдан әрі – Университет) оқу және өзге де негізгі және қосалқы процестерді жүргізудің тиісті сапасына қол жеткізуге мүмкіндік беретін қажетті инфрақұрылымды құру, Университет объектілерін жұмыс жағдайында қамтамасыз ету және қолдау мақсатында әзірленді.

1.2 Осы процедураның талаптары Университеттің материалдық-техникалық базасына және техникалық құралдарына (ТҚ), соның ішінде:

- оқу ғимараттарын, жатақханаларды, әкімшілік ғимараттары мен үй-жайларды;
- ғимараттар мен құрылыстарды (электр-, жылу-сумен жабдықтау, су тарту, лифт шаруашылығы) қамтамасыз етудің инженерлік жүйелерін;
- жиһаз және мүкәммалды;
- көлік құралдарын, машиналарды, жарақтарды, жабдықтарды;
- байланыс, телекоммуникациялық жүйелерді қоса алғанда, қолданылады.

1.3 Осы процедура бойынша барлық жұмыстарды Ғылым және корпоративтік даму жөніндегі проректор, Құрылыс департаментінің (ҚД) директоры және Сервистік қызмет көрсету департаментінің директоры (СҚҚД) немесе ҚД және СҚҚД директорлары орынбасарларының тапсырмасы бойынша бақылайды.

1.4 Процедураны барлық құрылымдық бөлімшелердің, ҚД, СҚҚД лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері орындауға міндетті.

1.5 Осы процедура Университеттің ішкі нормативтік құжаты болып табылады және менеджмент жүйелеріне тексерулер жүргізу кезінде сертификаттау органдарының аудиторларынан басқа Тараптарға, сондай-ақ серіктес тұтынушыларға (олардың талабы бойынша) Университет басшылығының рұқсатымен ұсынылмайды.

2 Нормативтік сілтемелер

ҚД және СҚҚД қызметі келесі нормативтік құжаттармен:

- 1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясымен;
- «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III ҚР Заңымен;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚР Заңымен;

- «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы №413-IV Қазақстан Республикасының Заңымен;
- «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы №415-II Қазақстан Республикасының Заңымен;
- «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» 2001 жылғы 16 қаңтардағы №142-II Қазақстан Республикасының Заңымен;
- ISO 9001 және ISO МЭК 17025 сериялы халықаралық стандарттармен;
- экономиканың негіздері, еңбек туралы заңнама, еңбек қауіпсіздігі ережелері мен нормалары, қауіпсіздік техникасы, санитарлық ережелер, өрт қауіпсіздігі нормалары мен талаптарымен;
- Қазақстан Республикасы БЖҒМ-нің 2020 жылғы 4 мамырдағы бұйрығымен бекітілген Ұйымдарда ашықтық пен айқындықты қамтамасыз етуге арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты;
- «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КЕАҚ Жарғысымен;
- Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің қаулылары мен бұйрықтарымен;
- «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰЗТУ» КЕАҚ Сапа саласындағы саясатымен;
- Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы №553 бұйрығымен бекітілген басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығымен;
- әкімшілік-шаруашылық бөліміндегі материалдарды тұтынудың бірыңғай нормаларымен;
- Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі №360-VI ҚРЗ Кодексі;
- Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰЗТУ Басқарма төрағасы ректордың бұйрықтары мен тапсырмаларымен реттеледі.

3 Инфрақұрылымды басқару және қолдау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау

3.1 ҚД және СҚҚД жұмыс жағдайында инфрақұрылымды басқару және қолдау үшін ағымдағы және перспективалық даму жоспарларын әзірлейді. Жоспарлар:

- Университеттің құрылымдық бөлімшелерінен ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізуге түсетін өтінімдер;
- Университеттің ғимараттарын, инженерлік жабдықтары мен желілерін жыл сайын тексеру актілері;
- мемлекеттік билік органдарының, жоғары тұрған ұйымдардың, мемлекеттік қадағалау құрылымдарының алынған ұйғарымдары мен ағымдағы талаптары;

– Университеттің басшы органдарының (ректораттың, Университеттің Ғылыми кеңесінің) материалдық-техникалық базаны дамыту бойынша жөндеу-құрылыс жұмыстарын орындау туралы шешімдері негізінде жасалады.

3.2 ҚД, СҚҚД техникалық құралдарды (бұдан әрі - ТҚ) сатып алу немесе жалға алу бойынша жоспарлы жобаларды әзірлейді және жасайды және оларды Университет басшылығының қарауына ұсынады.

Қажет болған жағдайда қосымша орындалады:

- ТҚ сатып алу немесе жалға алу тиімділігі бойынша есептеулер;
- ТҚ таңдау және оны одан әрі пайдалану бойынша ұсыныстар;
- жеткізушілерді зерттеу, персоналды тасымалдау, монтаждау және баптау, оқыту;
- жиналыстарға арналған баяндамалар.

3.3 Университеттің инфрақұрылымын сәтті басқаруды мынадай ҚД қызметтері қамтамасыз етеді: инженерлік-құрылыс қызметі, оқу-өндірістік цехы, СҚҚД: пайдалану қызметі, техникалық қызмет,

3.4 Университет басшылығы ТҚ сатып алу немесе жалға беру жоспарларының жобаларын талдайды:

- Университеттің қаржылық мүмкіндіктері;
- Университеттің мақсаттары мен саясаты;
- қолда бар ТҚ бойынша ақпарат;
- техникалық сипаттамалары;
- еңбекті қорғау және экология талаптары;
- ТҚ сатып алу немесе жалға алу тиімділігінің есептеулері және басқа да техникалық мәліметтер.

3.5 ТҚ сатып алу жөніндегі жоспарларды талдау нәтижелері бойынша жоспар бекітіледі немесе басшылықтың ескертулерін ескере отырып, пысықтауға қайтарылады.

4 Техникалық құралдарға қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жоспарлау

4.1 Университеттің инфрақұрылымын қолдау үшін жоспарлы негізде ТҚ-ға техникалық қызмет көрсету және жөндеу бойынша іс-шаралар әзірленіп, жүзеге асырылады.

4.2 ТҚ-ға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеуді ҚД және СҚҚД қызметтері (ғимараттар мен құрылыстарды жылумен-сумен жабдықтаумен, электр энергиясымен, жиһазбен және мүкәммалмен, телефон байланысымен қамтамасыз ететін инженерлік жүйелер, жергілікті желілерді монтаждауды, Университеттің оқу ғимараттары мен жатақханаларында автоматты күзет-өрт дабылының жай-күйін мониторингтеуді) орындайды.

4.3 ҚД, СҚҚД жоспарларды әзірлеу кезінде басшылыққа алады:

- пайдалану, қызмет көрсету және профилактикалық жөндеуге катысты ТҚ паспорттық деректерімен;
- қажетті техникалық қызмет көрсету және профилактикалық жөндеу түрі мен жиілігі - жоспарлы алдын алу шаралары;
- Университеттің өндірістік базасының, мамандардың немесе ТҚ жөндеу бойынша басқа да ішкі мүмкіндіктердің болуы;
- ТҚ-ға қызмет көрсету бойынша сервистік кәсіпорындардың мүмкіндіктері мен қашықтығын;
- ТҚ-ға мемлекеттік органдардың талаптарын;
- ТҚ техникалық байқаудан міндетті түрде өтуі бойынша мемлекеттік талаптары мен кестелері;
- қауіпсіздік, еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және экология саласындағы мемлекеттік талаптарды;
- ТҚ жеткізушілерінің оларды жөндеу жөніндегі кепілдік міндеттемелері;
- тиісті өлшем бірліктеріндегі ТҚ ресурстарын әзірлеу туралы жазбалармен (мотосағаттар, жүгіріс, көшірмелер саны және т.б.);
- ТҚ техникалық жай-күйін куәландыру жөніндегі комиссияның деректерін;
- ТҚ үшін жинақтауыштар мен шығыс материалдарының қорлары туралы деректерді;
- пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін ТҚ-ны есептен шығару қажеттілігі, жөндеуге жарамсыздығы, моральдық тозуы;
- шығын материалдары мен жинақтаушыларға қажеттілік;
- сервистік қызметтерді сатып алу қажеттілігі және т.б.

4.4 ТҚ-ға техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жоспарларды бекіту алдында, олар Университет басшылығы тарапынан жан-жақты талданады және қажет болған жағдайда пысықталады.

5 Инфрақұрылымды қолдау бойынша қызмет көрсету және профилактикалық жұмыстар

5.1 Университеттің инфрақұрылымына техникалық қызмет көрсетуді және профилактиканы жүзеге асыру үшін бақылау тексерулерін жүргізу жоспары жасалады (ҚазҰЗТУ 603-01Ү) және белгіленген мерзімде ғимараттардың, құрылыстардың және инженерлік желілердің техникалық және санитарлық жай-күйіне бақылау тексерулері жүргізіледі. Күнделікті аралап шығу және ақаулар мен бұзылулардың бар-жоғын тексеру жүзеге асырылады. Ғимараттардың, құрылыстар мен инженерлік желілердің техникалық және санитарлық талаптарға сәйкестігі бақыланады. Жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша ақаулы актілер (ҚазҰЗТУ 603-02 Ү) және ғимараттардың, құрылыстар мен инженерлік желілердің техникалық жай-

күйін бақылау тексерулерінің нәтижелерін тіркеу журналы (ҚазҰЗТУ 603-03 Ү) жасалады.

5.2 Университеттің оқу ғимараттары мен іргелес аумақтары ішіндегі ғимараттардағы санитарлық-гигиеналық жағдайларды сақтауды СҚКД Көлік және пайдалану бөлімі (бұдан әрі - КжПБ) жүзеге асырады - әрбір оқу ғимаратына комендант және қызмет көрсетуші персонал штаты (аула сыпырушылар, тазалаушылар) бекітілген.

5.2.1 Оқу ғимаратының коменданты оқу ғимаратының жанындағы іргелес және бекітілген аумақты қолда бар тазалағыштардың күшімен күтіп ұстауды қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстардың барлық кешенін ұйымдастырады; оқу ғимараттарының ішінде – тазалаушылар күшімен ҚР СЭС санитарлық нормалары мен ережелеріне сәйкес санитарлық-гигиеналық жағдайларды қолдау қамтамасыз етіледі.

5.2.2 Университет қалалық қызметтермен, бөгде ұйымдармен қызметтер көрсетуге шарт жасасады, қатты тұрмыстық қалдықтарды шығаруды, дезинфекциялауды, дератизациялауды, құрғақ тазалауды, биік биіктікте орналасқан терезелерді сыртқы жууды және т.б. қамтамасыз етеді.

5.3 Ағымдағы немесе күрделі жөндеу бойынша жөндеу жұмыстары. ҚД инженерлік-құрылыс қызметі (ИҚҚ) ақаулы актіні (ҚазҰЗТУ 603-02 Ү) жасайды, ол бойынша жоспарлы жөндеу жүргізудің сметасы мен кестесі (ҚазҰЗТУ 603-04 Ү) жасалады. Аутсорсинг пайдаланылған жағдайда жұмыс орындаушысын таңдау процедурасы жүргізіледі (мердігер ұйым айқындалады). Мердігерлік ұйымдарды таңдау қолданыстағы ережелерге сәйкес белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

– ҚД ИҚҚ жаңа құрылыс кезінде қала қызметтерімен рұқсат құжаттарын және келісімдерді алу кезінде басшылықты жүзеге асырады;

– ҚД ИҚҚ құрылысты бақылау және жаңа объектілерді пайдалануға беруге қатысу.

5.3.1 Жөнделген объектілерді, үй-жайларды тапсыру-қабылдауды ҚД және СҚКД қабылдау комиссиясы жүзеге асырады. Жөнделген объектілерді тапсыру-қабылдау алдында Басқарма төрағасы - ректордың қабылдау комиссиясын құру туралы бұйрығы (өкімі) шығарылады. Комиссия жұмысының нәтижесі ҚР құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес нысан бойынша актімен ресімделеді.

5.4 Электр энергиясын, жылу энергиясын, суық суды жеткізу мақұлданған жеткізушілер тізіміне сәйкес, белгіленген схема бойынша жүзеге асырылады.

5.4.1 ҚД инженерлік-құрылыс қызметі:

– департамент қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес оқытуға жататын қызметкерлердің тізімдерін қалыптастырады (ҚазҰЗТУ 603-09 Ү);

– электр қондырғыларының сенімді және қауіпсіз жұмысын;

- электр энергиясын үнемдеу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және енгізуді;
- ЖААЖ және электр қондырғыларының профилактикалық сынақтарын ұйымдастыру және уақтылы жүргізуді;
- электр қондырғыларының неғұрлым сенімді, үнемді және қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ететін жаңа техника мен технологияларды электр шаруашылығына енгізуді;
- электр энергиясының шығынын есептік және техникалық есепке алуды;
- электр қадағалау органдарының нұсқамаларын орындауды;
- энергиямен жабдықтаушы ұйымға белгіленген есептілікті уақтылы ұсынуды;
- объектіні қаланың инженерлік коммуникацияларына қосуға техникалық шарттар алуға, құрылысқа рұқсат беретін барлық құжаттарды алуға, қалалық инженерлік коммуникациялар қызметтерімен келісімдер алуға, құрылыс барысын техникалық қадағалауға қатысуды;
- үш фазалы қоректендіруді қоса алғанда, энергиямен жабдықтауға жаңа жабдықты қосуды;
- жоғары вольтты желілерге қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

5.4.2 Директордың орынбасары-бас энергетик лифтілер мен лифт шаруашылығының сенімді және қауіпсіз жұмысын бақылайды. Лифт шаруашылығын жөндеумен және қызмет көрсетумен мердігер ұйым айналысады, оны таңдау қолданыстағы ережелерге сәйкес белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

5.4.3 Электр қондырғыларында (ТҚС, КЖ және т.б.) авария болған жағдайда бас энергетик жоғары тұрған басшылыққа телефон арқылы хабарлайды, болған жағдай туралы аудандық электр желісінің диспетчерімен (бұдан әрі - АЭЖ) (қажет болған жағдайда) жазбаша келіседі, содан кейін авария толық жойылғанға дейін электр қондырғысын ажыратады. Электр энергиясын қосу жекелеген жағдайларда РЭҚ қорытындысы негізінде жүргізіледі. Инженерлік желілерде апат туындаған жағдайда бас механик бұл туралы дереу жоғары тұрған басшылыққа және тиісті қалалық қызметтерге хабарлайды, сондай-ақ су мен жылу энергиясының берілуін тоқтатады. Сонымен қатар жылына бір рет университет аумағында апаттардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспары жүргізілед. (ҚазҰТЗУ 603-08 Ү)

5.4.4 Жылу энергиясын және суық суды үздіксіз беруді қамтамасыз ету үшін Университет тиісті жеткізушілермен жылу энергиясын және суық суды беруге шарт жасасады. Университеттің жылу шаруашылығына қызмет көрсету үшін жылыту маусымы кезеңіне ҚД инженерлік-құрылыс қызметінің техникалық персоналының кезекшілік кестесі (ҚазҰТЗУ 603-05 Ү) жасалады. Техникалық персонал тәулік бойы кезекшілікте болады.

5.4.5 ҚД инженерлік-құрылыс қызметінің бас механигі энергиямен жабдықтаушы ұйыммен жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатуға

арналған техникалық құжаттаманы ресімдейді және келіседі. Төрт жылда бір рет есепке алу аспабы мемлекеттік тексеруден өтеді және Тексеру актісі жасалады. Сондай-ақ жылына бір рет жылыту жүйесінің құбырларына гидропневматикалық жуу жүргізіліп, Жылыту жүйелерін жуу актісі жасалады. Жылу энергиясын беру аспаптарды тексеру және жылыту жүйелерін жуу актілері болған кезде ғана жүзеге асырылады.

5.4.6 ҚД инженерлік-құрылыс қызметінің бас механигі Университет балансындағы су құбырларының, кәріз желілері мен жабдықтарының тиісті жай-күйін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, жылына бір рет суды босату және ағынды суларды қабылдау туралы шарт жасалады. Сантехниктер жылына екі рет тарату торабына және барлық құбыр желісіне тексеру жүргізеді. Ай сайын суық суды жеткізетін ұйымның өкілі бас механик бөлімінің жауапты тұлғасымен бірлесіп есеп-шот-есептеуді өңдеу және жазу үшін есептеу аспаптарынан (су өлшегіштерден) көрсеткіштерді алады.

5.5 Ай сайын бас энергетик және бас механик электр және жылу энергиясының шығынын есепке алуды ұйымдастырады. Энергиямен жабдықтаушы ұйымның өкілдерімен бірлесіп Университет бойынша есепке алу аспаптарынан көрсеткіштер алынады. Бұдан әрі алынған көрсеткіштер электр және жылу энергиясының жалпы шығысына (кВт/сағат саны/жылына) өңделеді және төлемге есептеу шотын беретін энергиямен жабдықтаушы ұйымның есеп айырысу тобына беріледі.

ҚД оқу-өндірістік цехы:

- металл және ағаштан жасалған жиһаздар мен бұйымдарды шығару бойынша тапсырыстардың орындалуын қамтамасыз етеді;
- шығарылатын өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылайды;
- жоспарланған өнімдер мен қызметтерге шығындар сметасын жасайды;
- оқу-өндірістік қызметті жетілдіру жөніндегі іс-шараларды әзірлейді;
- оқу және өндірістік мақсаттарға арналған жиһаз, оның ішінде жатақханаларға, Университеттің оқу және басқару бөлімшелеріне арналған жиһаз шығарады;
- студенттер үшін практикалық сабақтар мен технологиялық (өндірістік) практика өткізеді;
- ағымдағы жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізуге қатысады.

5.6 Университет ғимараттары ішінде үздіксіз байланыс орнатуды СҚҚД Техникалық қызметі қамтамасыз етеді.

5.6.1 Техникалық қызмет телефон нөмірлерін бөлуге, абоненттік желілерді жөндеуге, ауыстыруға және жүргізуге, телефон аппараттарын орнатуға және есептен шығаруға өтінімдерді қабылдауды ұйымдастырады, сондай-ақ қалааралық, халықаралық және ұялы байланысқа арналған шығындарды бақылауды жүзеге асырады. Құрылымдық бөлімшелерден

жөндеуге өтінімдер техникалық қызмет жүргізетін "Өтінімдерді қабылдау журналында" (ҚазҰТЗУ 603-06 Ү) тіркеледі.

5.6.2 Техникалық қызмет:

- телефон нөмірлерін бөлуге, абоненттік желілерді жөндеуге, ауыстыруға және төсеуге өтінімдерді қабылдауды;
- телефон аппараттарын орнату және есептен шығаруды;
- қалааралық, халықаралық және ұялы байланысты пайдалану шығындарын бақылауды;
- өтінімдерді қабылдау журналында (ҚазҰТЗУ 603-06 Ү) тіркеуді;
- университетте телефон байланысының тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыруды;
- байланыс қызметтерін ұсыну мәселелері бойынша «Алматытелеком» ҚТО және «Алматытранстелеком» АҚ-мен өзара әрекет етуді;
- байланыс жүйесін, ҚКЖ және ӨКД дамыту, қайта құрылымдау және техникалық қайта жарақтандыру жоспарларын әзірлеуге қатысуды;
- тендерлерге қатысу және байланыс қызметтері, ҚТҚ шығару, құрылыс және басқа да қоқыстарды шығару, АҚӨД қызмет көрсету, дезинсекция және дератизация қызметтері бойынша техникалық құжаттаманы дайындауды;
- жаңа жабдықты сынауға және пайдалануға қабылдауға қатысуды;
- ҚжЕД бірлесіп, байланыс қызметтеріне арналған шығындарды талдау және олардың ұтымды пайдаланылуын бақылауды;
- оқу ғимараттары мен жатақханалардағы автоматты күзет-өрт дабылы (АҚӨД) жай-күйінің мониторингін;
- ҚКЖ желілерін, байланыс құралдарын және АҚӨД жөндеуге өтінімдер қабылдауды;
- байланыс, ҚКЖ және АҚӨД жүйелері бойынша пайдалану мен жөндеу жұмыстарын ұйымдастыруды;
- АҚӨД жабдықтарын, желілері мен аппаратураларын ұтымды пайдалануды бақылауды;
- жабдықтарды, материалдар мен қосалқы бөлшектерді сатып алуға өтінімдер мен есептеулер жасауды;
- ғимараттар ішінде және көше жарығында жарықтандыру аспаптарын ауыстыруға өтінімдерді;
- шағын электр жұмыстарын;
- үй-жайлар мен инфрақұрылымды шағын ағымдағы жөндеуді;
- қабырғаларды сырлау, жеке аймақтарды қалпына келтіру және әрлеу элементтерін;
- құлыптарды, есік жабдықтарын жөндеу және ауыстыруды;
- жиһазды жөндеу және техникалық қызмет көрсетуді;
- суреттерді, тақталарды, кестелерді, сөрелерді және басқа қабырға элементтерін орнату және бекітуді;

- ағаш және аралас конструкцияларды монтаждау және бөлшектеуді;
- жиһазды ғимараттар арасында және ғимараттардың ішінде тасымалдауды;
- бөлімшелердің өтінімдері бойынша әртүрлі мүкәммалдарды, жабдықтар мен материалдарды жылжытуды;
- Университет аумағын жинауды ұйымдастыру және бақылауды;
- қатты тұрмыстық қалдықтарды (ҚТҚ) шығаруды ұйымдастыруды;
- жұмыс кезінде пайда болатын құрылыс қоқыстарын шығаруды ұйымдастыруды;
- аумақтың санитарлық жағдайы бойынша жұмыстардың сапасын бақылауды;
- оқу ғимараттарында, жатақханаларда және Университет аумағында дезинсекция және дератизация бойынша іс-шаралар өткізуді;
- олардың уақтылығы мен орындалу сапасын бақылауды жүзеге асырады.

5.7 Көлік қызметі. Көлік және пайдалану бөлімі (жеңіл және жүк автомобиль көлігі) тасымалдауға қызмет көрсетеді және жүзеге асырады:

- университеттің білім алушылары мен қызметкерлері;
- оқу ғимараттары арасындағы жүктерді, материалдық құндылықтарды;
- жаңадан сатып алынған материалдарды, жабдықтарды жеткізу;
- қоқыстарды, металл сынықтарын, макулатураларды шығару.

Сондай-ақ, кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу, Университеттің ғимараттары мен коммуникацияларына қызмет көрсету үшін қажетті қоғамдық тамақтану (Университеттің асханалары, кафелері) және басқа да жұмыстарға қызмет көрсету бойынша мамандардың баруын жүзеге асырады.

5.7.1 Көлік құралдары Университет аумағында орналасқан, автокөлікті пайдалану қолданыстағы талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Көлік және пайдалану бөлімінің жұмысына басшылықты бөлім бастығы жүзеге асырады, оның қарамағында жүргізушілер штаты бар.

5.8 Бұзушылықтар анықталған жағдайда қызмет мамандары ҚД директорының немесе СҚҚД директорының атына қызметтік хатты ресімдейтін қызмет басшыларына ақаулықты көрсете отырып және жөндеуге қажетті материалдар тізімін хабарлауы тиіс.

5.9 Белгіленген тәртіпте расталған қызметтік хат негізінде жұмыс түрлері бойынша ақау актісі мен оларды сатып алу бойынша одан әрі жұмыс істеу үшін мемлекеттік сатып алу секторына беруге сметалық құжаттама (ҚазҰЗТУ 603-02 Ү) жасалады.

5.10 Жабдықтың техникалық жай-күйін анықтау үшін комиссия құрылады, ол (ҚазҰЗТУ 603-07 Ү) ақаулы актіні құрайды, оның негізінде жөндеу қызметтерін немесе қажетті материалдар мен қызметтерді сатып алу жүргізіледі.

5.11 ҚД және СҚҚД директоры және олардың орынбасарлары тиісті бағыттар бойынша жөндеу процесін басқарады және бақылайды.

5.12 Жөндеу және қызмет көрсету бөлімшелерінен өтінімдерді тіркеу үшін ҚД және СҚҚД бөлімдері мен қызметтері өтінімдерді тіркеу журналын (ҚазҰТЗУ 603-05 Ү) жүргізеді.

6 Техникалық құралдарының жағдайын бағалау инспекциясы және түзету әрекеттері

6.1 ТҚ-ның маңыздылығы мен қолданылу саласына байланысты ТҚ-ның техникалық жай-күйін тексеру және куәландыру бойынша инспекциялар жүргізіледі.

6.2 Инспекцияны келесі Тараптар:

– еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік қадағалау органдары, СЭС және т.б;

– Университет қызметкерлерінің ішінен қауіпсіздік техникасы, денсаулық сақтау бойынша жауаптылар;

– ҚазҰТЗУ 801 ҚП және басқа да уәкілетті тұлғаларға сәйкес ішкі аудиторлар жүзеге асырады.

6.3 Инспекция нәтижелері бойынша:

– ұйғарымдар жазылды;

– еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі журналдарға, сондай-ақ ТҚ техникалық құжаттамасына жазбалар жүргізілді;

– сәйкессіздіктер (ҚазҰТЗУ 801-04 ҚП) тіркелді.

6.4 ҚД және СҚҚД қызметкерлері анықталған сәйкессіздіктерді жою бойынша түзету іс-шараларын әзірлеуді және орындауды ұйымдастырады (ҚазҰТЗУ ДП 801-06). Сәйкессіздік жойылғаннан кейін қайта тексеру жүргізіледі.

7 Инфрақұрылымды басқару жұмысындағы тәуекелдер

7.1 Университеттің инфрақұрылымын басқару барысында тәуекелдер туындауы мүмкін, олардың пайда болуын болдырмау және жою бойынша шаралар қабылдау қажет.

Тәуекелдің атауы мен сипаттамасы	Тәуекелдің себептері	Тәуекелдің салдары	Тәуекелдің алдын алу және оны төмендету іс-шаралары	Растайтын құжаттар
Ұй-жайларда, оқу аудиторияларында және жатақханаларда ағымдағы жөндеуді тоқтату немесе уақтылы жүргізбеу қаупі	Ұй-жайларды, оқу аудиторияларын, жатақханаларды жөндеу үшін ақшалай қаражатты уақтылы бөлмеу және құрылыс материалдарын	Жоспарланған мерзімде ұй-жайлар мен аудиторияларды жөндеу, сабақтарды жіберу және студенттерді жатақханаларға орналастыру мүмкін	Университеттің инфрақұрылымына күрделі жұмсалымдарды ұлғайту, жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарын түзету	Орындалған жұмыстар актілері, жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспары

Тәуекелдің атауы мен сипаттамасы	Тәуекелдің себептері	Тәуекелдің салдары	Тәуекелдің алдын алу және оны төмендету іс-шаралары	Растайтын құжаттар
	кеш сатып алу	еместігі		
Инженерлік желілер мен жабдықтарда авариялық жағдайлардың туындау қаупі	Университеттің моральдық және техникалық ескірген инженерлік желілері мен жабдықтары, осы салада білікті мамандардың жетіспеушілігі	Апаттардың, ақаулардың пайда болуы, жылумен жабдықтауды тоқтату, электр энергиясын беруді тоқтату, құбырларды бұзу	Жабдықтардың жай-күйіне жыл сайынғы мониторинг жүргізу, уақтылы жөндеу жұмыстарын жүргізу, инженерлік желілерді жаңартуға капитал салымын ұлғайту	Орындалған жұмыстар актілері, қондырғылар актілері, ақау актілері, инженерлік желілердің жай-күйін талдау
Жаңартылмаған абаттандыру аумақтары (көгалдандыру, бордюрлер, асфальттау)	Абаттандыруды қолдау бойынша жұмыстарды уақтылы орындамау	Заманауи нормаларға сәйкес келмейтін аумақтың сыртқы келбеті	1. Жыл сайынғы көгалдандыру, аумақты асфальттау. 2. 2025 жылға топырақты жаңарту, жиектастарды көтеру, қосымша көгалдандыру жасалды, асфальттау, шағын сәулет нысандарын жайластыра отырып, рекреациялық аймақтарды салу	2025 жылға арналған жұмыс жоспары, орындалған жұмыс актілері
Көлік құралдарының бұзылу қаупі, жанар-жағармайды дер кезінде сатып алмау	Автокөлік иелерінің құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды ресімдеуге, техникалық қызмет көрсетуге ақшалай қаражатты уақтылы бөлмеу	Автокөліктің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ете алмау, көлік тасымалына берілген өтінімдердің уақытылы орындалмауы	Көлік тасымалдарына өтінімдер бойынша шығыстарды уақтылы жоспарлау және тәртіпке салынған жұмыс, көлік құралдарына уақтылы техникалық қызмет көрсету	Автокөлікті жөндеу жұмыстарын ың жоспары кестесі, көліктік тасымалдауға арналған қызметтік хаттар
Коммуналдық қызметтерге көп шығындар	Инженерлік жүйелерде ескірген технологияларды қолдану	Бюджет қаражатының жөнсіз жұмсалуды	1. Люминесцентті шамдарды энергияны үнемдейтін диодты шамдарға ауыстыру. 2. Аэраторлары бар түйіспесіз қатынастырғыштарды сатып алу. 3. Ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу және жаңа объектілерді салу кезінде энергия үнемдеу технологияларын қолдану.	Орындалған жұмыстар актілері, Мемлекеттік сатып алу жоспары

8 Талдау. Бағалау. Жақсарту.

8.1 ҚД және СҚҚД директорлары және Корпоративтік даму және стратегиялық жоспарлау жөніндегі проректор мақсаттар мен процестің жетістіктерін талдауды жүзеге асырады. Процесс нәтижелері:


- бақылау тексерулерін жүргізу жоспары;
- ғимараттардың, құрылыстардың және инженерлік желілердің техникалық жай-күйін бақылау тексерулерінің нәтижелерін тіркеу журналы;
- жоспарлы жөндеу жүргізу кестесі;
- жабдықтар тізімі;
- жылыту маусымына арналған техникалық персоналдың кезекшілік кестесі;
- Университет аумағындағы оқыс оқиғалардың, апаттардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспары;
- өтінімдерді тіркеу журналы үлгілерінде көрсетіледі.

8.1.2 ҚД, СҚҚД директорлары жазбаларды тиісінше жүргізуге (толтыруға), сақтауға жалпы басшылықты жүзеге асырады. Үлгілерді жүргізуге (толтыруға), сақтауға ҚД және СҚҚД қызметтерінің басшылары жауапты болып табылады.

8.2 Талдау нәтижелері бойынша түзету және ескерту әрекеттері, жақсарту бойынша ұсыныстар әзірленеді.

8.3 Түзету және ескерту іс-әрекеттерінің нәтижелерін, жақсарту жөніндегі іс-әрекет нәтижелерін талдау процестің мақсаттарын өзгерту (қайта қарау) және жақсарту жөніндегі жоспарды әзірлеуге негіздеме болып табылады.

Блок-сұлба



ҚП 603 үлгісі

№	Код	Үлгілердің атауы
1	ҚазҰЗТУ 603-01 Ү	Бақылау тексерістерін жүргізу жоспары
2	ҚазҰЗТУ 603-02 Ү	Ақау актісі
3	ҚазҰЗТУ 603-03 Ү	ТжСЖ тіркеу журналы
4	ҚазҰЗТУ 603-04 Ү	Жоспарлы жөндеу жүргізу кестесі
5	ҚазҰЗТУ 603-05 Ү	Техникалық қызметкерлердің жылыту маусымындағы кезекшілік кестесі
6	ҚазҰЗТУ 603-06 Ү	Жабдықты тіркеу журналы
7	ҚазҰЗТУ 603-07 Ү	Жабдықтар тізбесі
8	ҚазҰЗТУ 603-08 Ү	Апаттан, қираудан сақтандыру бойынша іс-шаралар жоспары
9	ҚазҰЗТУ 603-09 Ү	Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспары

Өзгерістерді тіркеу парағы _____
құжатты белгілеу

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі, тармағы	Өзгеріс түрі (ауыстыру, күшін жою, қосу)	Хабарлама нөмірі мен күні	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі мен аты- жөнінің, қолы, лауазымы